

Дәріс №3. Тақырбы: Adobe Photoshop программасының Ерекшелеу саймандары.

Дәріс жоспары: Көріністің облыстарын ерекшелеу техникасы. Ерекшелеу аспаптары. Аспаптар параметрлерімен басқару. Күрделі формадағы облысты ерекшелеу әдістері. Ерекшеленген облыстардағы әрекеттер: масштабтау, бұру, ерекшеленген облысты бұрмалау.

Дәріс мақсаты: Көріністің облыстарын ерекшелеу техникасы туралы түсінік беру. Ерекшелеу аспаптары мен әрекеттерін қарастыру.

Дәріс мазмұны:

Саймандар панелі (*Toolbox*) *Photoshop-тың* графикалық құралдарының түймелерінен тұрады. Бұл саймандар панелінде 20 түйме бар. Бірақ 40-тан асатын сайманы бар. Бұлар көптеген операциялар және процедуралар, ерекшелеулер, бояулар, редактрлеумен және кескінді көрумен байланысты тез орындауға арналған құралдар. Бұдан басқа, саймандар панелі түсті таңдаудағы басқару элементтерінен, жылдам маска режиміне ауысу және экрандағы кескіннің көрінісін өзгерту тәсілінен тұрады. Саймандар панелі кейбір саймандардың түймелерінің төменгі оң жақ бұрышында кішкентай үшбұрыштар бар. Бұл деген құралдың өзінің ашылатын қосымша саймандар панелі бар екендігін айқындайды. Мұндай панельді ашу үшін үшбұрыштың үстіне тышқанның сол жақ батырмасын басамыз.

Қолдан жасалынған облысты ерекшелеу

Шекараны көрсету жолымен Lasso құралы бейнедегі қолдан жасалынған облысты ерекшелеуге мүмкіндік береді.

Lasso Tools- “Қолдан” ерекшелеу .Биік шыңын көрсету арқылы көпбұрыштармен ерекшелеу.

“Магнитпен” ерекшелеу (сызық курсордың ізімен өзі иіле береді).

“Қолдан” ерекшелеу құралын қолдану алгоритмі

Берілген суретті дискіге сақтаңыз.“Қолдан” ерекшелеу құралын таңдап, суреттегі балықты белгілеңіз.

Түзету --- (көшіру командасын орындаңыз.

Жаңа файл құрыңыз және сол файлға көшірілген бейнені орнатыңыз.

Жаңа портретті дискіге сақтаңыз.

Көпбұрыштармен ерекшелеу құралын қолдану алгоритмі.

Берілген суретті дискіге сақтаңыз.

Көпбұрыштың биік шыңын көрсету және көпбұрыштармен ерекшелеу құралынтаңдаңыз (тышқанды біррет шерту арқылы), портреттегі суретті ерекшелеп алыңыз (тышқанды екі рет шерту арқылы ерекшелеуді аяқтаңыз).

Түзету (көшіру командасын орындаңыз.

Жаңа файл құрыңыз және сол файлға көшірілген бейнені орнатыңыз.

“Магнитпен” ерекшелеу құралын қолдану алгоритмі.

Берілген суретті дискіге сақтаңыз.

Магнитпен ерекшелеу құралын таңдап, пингвиннің контурын сызыңыз.

Түзету (көшіру командасын орындаңыз.

Жаңа файл құрыңыз және сол файлға көшірілген бейнені орнатыңыз.

Жаңа портретті дискіге сақтаңыз.

“Магнитпен” ерекшелеу құралын қолдану алгоритмін пайдаланып, фотосуретті өңдеу жұмыстарын жүргізіп, жақсы нәтижиге қол жеткізуге болады. Оны келесі фотосуреттерден көруге болады.

Photoshop терезесін өзгерту.

Терезенің түрін өзгерту үшін келесі батырмалар қолданылады:

Ол құралдар тақтасының төменгі бөлігінде орналасқан.

Масштаб пен бейнені қарау құралдары навигатор палитрасында орналасқан. Оның терезесінде құжаттардың кішкене көшірмесі орналасқан, ал қызыл түсті рамкада бейненің бөліктері көрсетіледі.

Сонымен, мынадай негізгі мәселелерді қорытындылауға болады:

- Photoshop программасын іске қосқаннан кейін оның негізгі терезесі мына бөліктерден тұрады: құралдар тақтасы, параметрлер тақтасы, меню қатары мен қалып-күй қатары.
- Программаны іске қосқаннан кейін бейне терезесі бірден көрінбейді. Ол үшін бейнені жүктеп, не жаңа бейнені құру әрекеттерін орындау қажет.
- Меню қатарында photoshop командалары орналасқан.
- Қалып-күй қатарында ашылған құжат туралы ақпарат шығады.
- Терезеде жылжымалы палитралар топталған және олардың араларында бейнелер оңай жылжытылады.
- Лупа және рука құралдары бейнелерді қарау мен масштабын өзгерту қызметтерін атқарады.
- Құжаттарды бейнелеуді басқару навигатор палитрасы болып табылады.

Құралдар тақтасында орналасқан құралдарға сипаттама

Экранда бейнелердің масштабын салу және оларды орналастыру құралдары




Рука (hand) – терезеде бейнелерді орналастыру қызметін атқарады.



Лупа (zoom) – бейнелерді үлкейту немесе кішірейту қызметін атқарады.



Перемещение (move) – объектідегі немесе қабаттағы бөлініп алынған аумақты орналастырады.



Лупа және рука

Бейнелерді қарау мен оның масштабын өзгерту құралдарының бірі – навигатор палитрасы. Навигатор (navigator) палитрасы масштабтың жүгіргіш құралын қозғалта отырып, барлық бейнелердің өлшемдерін өзгертуге мүмкіндік береді.

Лупа құралы бейнелерді үлкейту мен кішірейту қызметін атқарады. Бейненің ішкі жағынан қандай-да бір бөлікті бөліп алып, оны үлкейтуге болады. Егер бейненің үзіндісін терезенің барлық бөлігіне үлкейту қажет болса, онда лупаны бөлінген аймақтың шеткі жағына апарып, тышқанды жібермей, қанша үлкейткіміз келсе, сонша үлкейтеміз.

Егер бейненің үзінділерін редакторлеу мен оны оңға және жоғары қозғалту қажет болса, онда рука құралын пайдалану тиімді. Осы құралды таңдап отырып, бейненің кез келген орнына тышқан батырмасын жібермей отырып бассак, онда картинканы қажетті орнына алып келуге болады.

Бейнелерді қарау

Егер программа терезесінде бейне ашық тұрса, онда оны қарауға болады. Ол үшін мына құралдар тізбегі ұсынылады: лупа, рука – программа терезесін бейнелеу пиктограммалары, қалып-күй қатарындағы масштаб және навигатор палитрасы.

Еске сақта! Құралдар тақтасынан рука құралын таңдау міндетті емес.

Backspaces+пробел пернелерін бассак, онда кез келген құрал рука құралына айналады.

Аумақ топтарының құралдары (marquee tools)



прямоугольник

Тіктөртбұрышты бөліп алу



Эллипсті бөліп алу

Эллипс



одиночный

столбец, одиночная строка

Тік немесе көлденең сызықтарды бөліп алу

Саймандар панелінің қызметі:

Белгілеу құралдары:



Аймақ (область). Тік төртбұрышты облыс - кескінді жүгіртпе пунктир ретінде белгілеу. *Shift* пернесін баса отырып бірнеше белгілеулер жасап жылжытуға болады. *Alt* пернесімен басу аймақтағы белгілеуді өшіреді.



Эллипстік облыс (овальная область). Кескін аймағын эллипстік контур ретінде белгілеу. Облысты шеңбер формасында белгілеу үшін *Shift* пернесін баса отырып белгілеулер жасаймыз.



Пиксель қатары және пиксель бағаны (вертикальная и горизонтальная строка). Пиксель қатары – бұл құралды тандай отырып тышқан көмегімен кескіндегі жүгіртпе пунктир түріндегі сызықты белгілей аламыз. Пиксель бағаны - бұл жоғардағы сайманың қызметіндей қызмет атқарады, бірақ горизонталь емес вертикаль түрінде белгіленеді.



Лассо. Белгіленген барлық аймақты бөліп алады.



"Сиқырлы таяқша" (волшебная палочка). Түстердің ұқсастығына байланысты пиксельдерді бөліп алады.

Сурет салу және бояу құралдары:

-  **Өшіргіш (ластик).** Кескін пиксельдерінің түпнұсқасын фондық түспен бояу арқылы өшіру үшін қолданылады.
-  **Қалам (карандаш).** Өткір шеттері бар сызықтарды салуға мүмкіндік береді.
-  **Пипетка.** Негізгі және фондық түске кескіннен алынған түсті немесе "Синтез" және "Каталог" палитраларынан алуға мүмкіндік береді.
-  **Стрелка.** Түйін нүктелерінің орын ауыстыруы арқылы контурдың формасын өзгертуге қолданылады.

Редактрлеу құралдары:

-  **Мәтін (текст).** Биттік мәтін құруға мүмкіндік береді.
-  **Қол (рука).** Экранға сыймай қалған кескін бөліктерін көруге мүмкіндік береді.
-  **Масштаб.** Кескінді үлкейтеді және кішірейтеді.
-  **Орын ауыстыру (перемещение).** Ерекшеленген аймақтарды, қабаттарды және бағыттауыштарды орын ауыстыруда қолданылады.

Суретті бояу құралдары:

-  **Саусақ (палец).** Кеппеген бояуды саусақпен жағу эффектісін қайталайды.
-  **Штамп.** Тура немесе кескін элементтерінің өзгерген көшірмесін және сол кескіндегі немесе басқа құжаттағы түстік үлгілерін қайта өңдеуге мүмкіндік береді.
-  **Жарықтату (осветлитель).** Кескіннің жеке бөліктерін жарықтандыруға мүмкіндік береді.

Жұмыс ортасын күйге келтіру құралдары:

-  **Стандартты режимде редактрлеу.** *Photoshop-пен* жұмыс істегенде негізгі функциялар режимін орындайды. Мұнда ерекшеленген аймақ қозғалып тұрған пунктирлік шекаралар арқылы көрінеді.
-  **Жылдам маска режимінде редактрлеу (редактирование в режиме Быстрой маски).** Уақытша маскаларды құруда және редактрлеуде қолданылады. Бұл бір уақытта маскаларды және кескіндерді көруге мүмкіндік береді.

Фильтр – бұл кірістірілген программа. Оның орындалуы барысында ерекшеленген облысқа немесе бейнеге қандай да бір эффект қолданылады. Барлық фильтрлер фильтр менюінде орналасқан және топқа біріктірілген. Олардың атаулары олардың міндеттерін білдіреді. Соңғы фильтрді қайталап орындау үшін *Ctrl + F* немесе *Фильтр→Соңғы фильтр* командасын орындау қажет. Кейбір фильтрлер тобының міндеті мен баптауларын қарастырайық.

Sharpen (резкость) фильтрі – арқылы жуылған бейненің қателіктерін аздап жөндеуге болады. Жаңа бейненің сапалығы нақты, өткір болуы тиіс. Бұл топтағы фильтрлер бейненің пиксельдер арасындағы анықтықты жоғарлату арқылы жұмыс істейді. Егерде фильтрді қолданып болған соң, бейнеде ұсақ бөлшектер пайда болса, онда ол пиксельдердің анықтылығының артқанынан болып отыр. *Sharpen* фильтрі және *Sharpen*

More (больше резкость) фильтрлері бейнедегі пиксельдердің бәрін не бейнеленген облыстың пиксельдерінің анықтылығын күшейтеді. Екінші фильтр өте күштірек істейді. *Sharpen Edges (увеличить резкость контуров)* фильтрі тек контурды өңдейді.

Blur (смазывание) фильтрі – *sharpen* фильтріне қарсы іс-әрекет істейді. *Noise (шум)* тобындағы фильтрлер бейнеге шуды қосады немесе жояды. Мұндағы шу дегеніміз – бейне түсімен сәйкес келмейтін кез келген түстегі пиксельдер. Бұл фильтрлерді ескі суреттерді жөндеуге қолданған дұрыс.

Artistic (художественные) фильтрі көркем бейнелеу фильтрі. Бұл фильмдер бейнеге қаламмен, қылқаламмен, акварельмен сурет салу техникасын қарастырады. *Colored Pencil (түрлі түсті қалам)* фильтрі қағазда түрлі түсті қаламдармен сурет салуды қарастырады. *Pencil Weight (қалам қалыңдығы)* – егер оның мәні аз болса, онда штрих жұқа болады. *Stroke Pressure (қарындаш салмақтылығы)* – мәні көп болса, онда алғашқы бейнеде түстер жақсы сақталады. *Paper Brightness (парақ жарықтылығы)* – 50 мәнінде парақ ақ түсті, 0 мәнінде қара түсті болады. *Dry Brush (құрғақ қылқалам)* фильтрі акварельді және майлы кескіндемелерді бояйды. *Film Grain (зернистость фотопленки)* фильтрі көлеңке мен орташа тонды бейнеге түйіршікті ою-өрнек салады және т.б. түрлері бар.

Render (освещение) тобындағы фильмдер объектілерді жарықтандырумен байланысты эффектілерді құрады. Объектіге жарық түсіру, түстің шағылуын және сынуы, күндізгі жарық, лампа, прожектор, бұдан басқа бейнеге бұлттар қояды және т.б. қызметін атқарады. *Clouds (облака)* фильтрі бейнеге бұлт тәріздес ою қояды. Бұны қолдану үшін алдымен керекті негізгі және фондық түсті таңдап және облысты белгілеу керек.

Lighting Effects (жарық түсіру эффектісі) фильтрі кез келген жарық эффектілерді құрады: күндізгі жарық, қарапайым және түрлі-түсті лампаларды, прожектор т.б. *Gloss (фактура)* параметрі объектінің фактурасын басқарады. *Exposure (экспозиция)* параметрі бейненің дәрежелік көзін анықтайды. Жақсы жағы жарықтандырады, кері жағы әлсіретеді. *Ambience (подсветка)* параметрі қосымша бейненің көздерінен шығатын жарықты мінездейді.

Пайдаланатын әдебиеттер

1,2,3,4,5 негізгі әдебиет

2,3,5 қосымша әдебиет

1,2,3 мультимедиялық программа